

Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясында
өткізілген «Ақ желкен»
жазғы демалыс, сауықтыру
лагерінің өткізілуі жөнінде

Есеп

2025 жылдың 16 маусымы мен 20 маусымы аралығында өткен «Ақ желкен» жазғы лагерінің 2 – ші маусымы өз мәресіне жетті.

Лагерь жұмыстарын жүргізу үшін сынып кабинеттері таңдалынып алынды. Оның ішінде ойын, үйірме бөлмелері, атап айтқанда, кинорум, музыка әлемі, боляулар құпиясы, кітапхана бар. Аталып өткен бөлмелер тазартылып, қажетті құралдармен, жиһазбен жабдықталды, тиесінше суреттермен, шарлармен атауларына байланысты безендірілді.

Бұл бір апта ішінде балалар:

- ✓ Жаңа достар тапты.
 - ✓ Шығармашылық қабілеттерін дамытты.
 - ✓ Қозғалыс пен ойын арқылы денсаулықтарын нығайтты.
 - ✓ Табиғат аясында таза ауамен тынысып, түрлі серуендерге қатысты.
 - ✓ Күнделікті ұйымдастырылған шоу – бағдармалар болды.
- Салауатты өмір салтына баулу;
 - Азаматтық - патриоттық және ұлттық тәрбие;
 - Тәрбие беру - сауықтыру жұмыстары;
 - Құндылықтарды дамыту;
 - Спорттық шаралар.

«Ақ желкен» лагері өзінің алдына міндеттер мен мақсаттарын белгілеп, бағдарлама негізінде жұмыс жоспарлары жасалынды. Басты мақсат, балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру. Жоспарланған барлық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Лагерьдің жұмыс уақыты 09:00-ден 12:00-ге дейін бекітілді.

Жазда балалар таза ауада көп серуендейді. Осыған орай «Көше ережесін білесің бе?», «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» атты тәрбие сағаттары ойын-сайыс түрінде өткізілді. Онда балалар жолда жүру ережелерін қайталап, топтық сайысқа түсті. Тақырыпқа байланысты жұмбақтар шешіп, тапсырмалар орындады.

«Ақ желкен» лагері балалардың жазғы мезгілінде уақыттарын тиімді пайдалану, балалармен әртүрлі бағыттағы мәдени - көпшілік іс - шараларды ұйымдастыру мақсатында лагерь аймағынан тыс қызықты

ойындар, экскурсиялар ұйымдастырды. Бұл балалардың қызығушылықтарын арттыра түсті.









